

Біз Қазақстанның барлық дерлік өңірлерінде күрделі және ықтимал қауіпті жұмыстарды орындай отырып, ірі мұнай компаниясында жұмыс істейміз. 2020 жыл біздің сала үшін оңай болған жоқ, бірақ барлық сын-қатерлерге қарамастан, біз өндірістік процестердің тұрақтылығын қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар өндірістік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау көрсеткіштерін едәуір жақсарттық.

«КазМұнайГаз» ҰК АҚ Халықаралық мұнай және газ өндірушілер қауымдастығына (IOGP) кірген сәттен бастап алғаш рет жарақаттылық және жол-көлік оқиғаларының коэффициенттері IOGP орташа салалық көрсеткіштерінен төмен болды. Бұған ҚМГ компаниялар тобының барлық қызметкерлерінің көп жылғы мақсатты жұмысы, Директорлар кеңесінің көшбасшылығы мен қолдауы, үздік салалық практикаларды енгізу ықпал етті.

«КазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобының тарихында алғаш рет жыл еңбек қызметіне байланысты өліммен аяқталған жазатайым оқиғаларсыз аяқталғанын ерекше атап өту қажет.

Біздің өндірістік объектілерімізде қауіпсіздік мәдениетін дамытуға қосқан жеке үлесі үшін үлкен ұжымның әрбір қызметкеріне алғысымды білдіргім келеді.

Дегенмен, былтыр жазатайым оқиғалар мен жазатайым жағдайлар орын алғандықтан, бүгінгі таңда біздің алдымызда ортақ міндет тұр – кем дегенде, біздің көрсеткіштерімізді ағымдағы деңгейде сақтап, оларды үнемі жақсарту. Болашақта біздің бірлескен күш-жігеріміздің арқасында өмір мен денсаулық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау саласында жақсы нәтижелерге қол жеткіземіз деп сенемін.

Бекітілген Экологиялық саясатқа сәйкес ҚМГ мен оның ЕТҰ басшылығы қоршаған ортаның ластануына байланысты шығындар мен залалдарға қатысты нөлдік төзімділік қағидатын сақтайды.

Біз экологиялық жауапты бизнес жолын ұстануды жалғастырамыз, қоршаған ортаны қорғауды басқару жүйесін дамытамыз, барлық мүдделі тараптармен диалог жүргіземіз. Нәтижесінде, ҚМГ Ресейдің WWF, Ұлттық рейтингтік агенттік пен Cision Group тәуелсіз сарапшыларының бағалау қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасының мұнай-газ компанияларының экологиялық ақпаратының ашықтығы рейтингінде қатарынан 4 жыл 1-ші орын алуда.

Өздеріңіз білетіндей, 2021 жылы Қазақстан Республикасының жаңа Экологиялық кодексі қабылданды. Ел декарбонизациялауға және экологиялық талаптарды күшейтуге бет бұрды, ең озық қолжетімді техникаға көшу және қоршаған ортаға тиетін әсерді барынша азайту нормалары енгізілуде.

Осыған орай, экологиялық қауіпсіздікке назар аударуды арттыру, қоршаған ортаға тиетін әсерді азайту, сондай-ақ жаңа экологиялық талаптарға және жаһандық үрдістерге сәйкестік үшін шаралар қабылдау мақсатында, мен «КазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобы бойынша 2021 жылды Экология жылы деп жариялау туралы шешім қабылдадым.

Коронавирустық инфекция пандемиясының таралу қарқынының жалпы төмендеуіне қарамастан, ол әлі де адамдардың денсаулығына қауіп төндіреді және кәсіпорындардың, оның ішінде біздің кәсіпорындардың қызметіне белгілі бір шектеулер қояды. Сондықтан да, ағымдағы жылы бәрімізге профилактикалық шаралар мен санитариялық талаптарды орындау бойынша бірлескен жұмысты жалғастыру қажет. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, барлық қызметкерлерімізді халықты вакцинациялау жөніндегі мемлекеттік науқанға белсенді қатысып, мүмкіндік пайда болғаннан кейін коронавирусқа қарсы екпе алуға шақырғым келеді.

Біздің қызметкерлеріміз – «КазМұнайГаз» ҰК АҚ үшін ең жоғары құндылық, сондықтан да біздің басты міндетіміз – кәсіпорындарымызда жұмыс істейтіндердің барлығының өмірі мен денсаулығын сақтау.

Өрқайсымыз еңбек күнінен кейін отбасымызға аман-есен оралуымыз үшін сіздерді өндірістік қауіпсіздік пен еңбекті қорғаудың қарапайым қағидаларын сақтауға шақырамын.



**«КазМұнайГаз» ҰК АҚ
Басқармасының төрағасы
А. Айдарбаев**